

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «№11 қалалық емхана»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Шымкент қаласы

«21» ақпан 2023 жыл

ХАТТАМА №1/23

Тақырыбы: «сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша» Семинарлық сабақ.

Қатысқандар: «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№11 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (ары қарай - Кәсіпорын) қызметкерлері: бас дәрігердің орынбасары Ибрагимов М.Е., және дәрігерлер, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және барлық бөлімшелерінің менгерушілерімен мейірбикелері.

Күн тәртібінде: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№11 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны емхана жұмыскерлерінің қатысуымен 2023 жыл 20 ақпан емхана заңгері Е.Абдухалик «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» тақырыбында семинар кеңес өткізді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Бұл дерт еліміздің дамуына, эканомиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне заңгер егжей –тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет деп сөз соңын баяндамашы қортындылады.

Іс-шараға қатысушылар бейне баянды көріп шығып және жемқорлыққа қатысты сүреттерді қарап көріп, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айытты, сонда жемқорлықты жеңетінін көпшілік мақұлдады.

Зангер



Е.Абдухалик

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№11 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ХАТТАМА

Шымкент қаласы

№02-23

«31» мамыр 2023 жыл

Тақырыбы: «Комплаенс офицер» қызметкері туралы құқықтық оқыту

Қатысқандар: «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№11 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметкерлері, «№11 қалалық емхана» әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және барлық бөлімшелерінің менгерушілерімен мейірбикелері.

Күн тәртібінде: «№11 қалалық емхана» заңгері Е. Абдухалик кәсіпорын қызметкерлеріне «Комплаенс офицер» қызметкері туралы құқықтық оқыту түсіндірме жұмыстарын жасады.

ISO 37001 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйелері. Қолдануға қойылатын талаптар мен ұсыныстар» сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңына «Комплаенс офицер» енгізілді.

«Комплаенс офицер» - дегеніміз не?

Ағылшын тілінен аударғанда «Комплаенс» сөзі - сәйкестікті білдіреді

Қарапайым сипаттама: «сәйкестік» дегеніміз - ережелерді, заңдарды, саясат пен стандарттарды сақтау

Нормативтік сәйкестік - бұл ұйымдар заңдар, ережелер мен ережелер шеңберінде бизнесті жүргізуді қамтамасыз ету үшін жетуі керек мақсат.

Мұның салдары қазіргі реттеуші мақсаттарды қалыптастырды:

- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- Нарықтардағы тұрақтылық пен сенімділікті сақтау;
- Нарықтардың тұтастығын сақтау;
- Қаржылық қылмысқа қарсы күрес;
- Дамуды, бәсекелестікті және инновацияны ынталандыру (тұтынушылар құқығын қорғау мақсатынан ауытқымай).

«Комплаенс офицер» қатысты жауапкершіліктер:

- Орталықтың кәсібилікке, ашықтыққа және адалдыққа деген ұмтылысының көпшілік алдында көрсетілуін қамтамасыз етеді.
- Сәйкессіздік тәуекелін басқаруда менеджментке көмектеседі (нормативтік және сыбайлас жемқорлық) тәртіп бұзушылықтың алдын алу немесе егер ол бұрын болған болса, тиімді әрекет ету.
- Орталықтың басқарушы органына (Директорлар кеңесіне) белгілі сәйкестік тәуекелдері туралы ескертуге жауапты. Қоғамның алқалы органдарының отырыстарына сарапшы ретінде қатысу.
- Кез-келген материалдық алаңдаушылықты қысымнан (тәуелсіздіктен) қорықпай көтереді. Тәуелсіз тергеу.
- Менеджментке мүдделер қақтығысын анықтауға және басқаруға көмектеседі.
- COMPLIANCE туралы шешімдер мен ұсыныстар мұқият сақталады және олар Компанияның процедуралары мен процедураларына енеді.
- COMPLIANCE-тәуекелдерді тиімді басқару үшін кез-келген басқарушылық ақпарат пен деректерге қол жеткізе алады.

Заңгер



Е.Абдухалик